

«Ақмола облысы білім
басқармасының Ақкөл
ауданы бойынша білім
бөлімінің жанындағы Ақкөл
қаласының №1 бөбекжай» МКҚК

ГККП «Ясли-сад №1
города Акколь при отделе
образования по Аккольскому
району управления образования
Акмолинской области

№1 педагогикалық кеңестің хаттамасы

01.09.2023 жыл

№1

Ақкөл қаласы

г.Акколь

Тақырыбы: Жаңа оқу жылына – жаңа дайындық.

Төрағасы: Жетпісова Г.М.

Хатшысы: Алпысбаева Ш.Т.

Қатысқаны: 14 педагог

Күн тәртібі:

1.Педагогикалық кеңес хатшысын сайлау.

Ұжым

2.17.05.2023 жылғы №5 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.

Жетпісова Г.М.

3.Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмысты талдау.

Клышева С.Қ.

4.Педагогикалық ұжымның бөбекжайдың 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспарымен танысуы.

Алпысбаева Ш.Т.

5.Бөбекжай жұмысында пайдаланылатын бағдарламалар мен технологиялар тізбесінің аңдатпасы және оны бекіту.

Жетпісова Г.М.

6.Жылдық жоспарды, сабақ кестесін бекіту.

Жетпісова Г.М.

7. «Балаларды бөбекжай жағдайына бейімдеу» кеңес-тренинг

Жарқынбек Г.

1.Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша бөбекжай басшысы Жетпісова Г.М. педагогикалық кеңес хатшысын сайлауды ұсынды.

Сөз сөйледі: Тілеген А. тәрбиеші, 2023-2024 оқу жылына педагогикалық кеңес хатшысына бөбекжай әдіскері Алпысбаева Ш.Т. сайлауды ұсынды.

Педагогикалық кеңес төрағасы Жетпісова Г.М. дауысқа салуды ұсынды.

Дауысқа салынды: «қолдаушы» - 16

«қарсы» - 0

Шешілді: 2023-2024 оқу жылына педагогикалық кеңес хатшысын бөбекжай әдіскері Алпысбаева Ш.Т. сайлауды ұсыну.

2.Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша бөбекжай басшысы Жетпісова Г.М. тыңдалды. 17.05.2023 жылғы №5 педагогикалық кеңес шешімінің

орындалуына талдау жасады. Өткен оқу жылының жұмыс қорытындысындағы ескертулер ескеріліп, жаңа оқу жылына жоспар құрылды. Бөбекжайдың жылдық жоспарын құруда ұсыныстар, толықтырулар ескерілді.

Сөз сөйледі: Сымбат М. тәрбиеші, 17.05.2023 жылғы №5 педагогикалық кеңес шешімі орындалуда деп қабылдауға ұсыныс жасады.

Педагогикалық кеңес төрағасы Жетпісова Г.М. дауысқа салуды ұсынды.

Дауысқа салынды: «қолдаушы» - 16

«қарсы» - 0

Шешілді: 17.05.2023 жылғы №5 педагогикалық кеңес шешімі орындалуда деп қабылдауды ұсыну.

3.Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша тәрбиеші Клышева С.Қ. тыңдалды. Баланың денсаулыққа және бақытты өмір сүруге деген құқығын іске асырудың бірден бір жлы жаз кезінде мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру болып табылады. Жазғы уақыттағы балалармен жұмыс сауықтыру шынықтыру түрінде өтті. Денсаулықты нығайтуға қолайлы жазғы күндерді дер кезінде пайдалану және әрбір баланың денсаулығын түзеуге және шынықтыруға ұмтылу маңызды. Жаз кезінде балалармен жүргізілген жұмыстар: таза ауада асфальтта сурет салу, пілдер отбасына саяхат, туған күндер күні, балалар алаңына, стадионға саяхат, шығармашылық жұмыстары, таза ауада қимыл-қозғалыс ойындары, ойын-сауықтар, эстафеталық жарыстар өтті.

Сөз сөйледі: Сайранхан Б. тәрбиеші, жазғы шынықтыру сауықтыру жұмысын қанағаттанарлық деп қабылдауға ұсыныс жасады.

Педагогикалық кеңес төрағасы Жетпісова Г.М. дауысқа салуды ұсынды.

Дауысқа салынды: «қолдаушы» - 16

«қарсы» - 0

Шешілді: Жазғы шынықтыру сауықтыру шынықтыру жұмысын қанағаттанарлық деп қабылдауға ұсыну.

4.Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша бөбекжай әдіскері Алпысбаева Ш.Т. тыңдалды. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарының бөлімдері баланың логикалық ойын, шығармашылығын дамытуға, денсаулығын сақтап, нығайтуға бағытталған. Жылдық жоспарда бес педагогикалық кеңес, екі семинар, үш әдістемелік кеңес, үш балалардың негізгі құзіреттілігінің қалыптасуын анықтау индикаторы енгізілген. Бөбекжайдың тәрбиелеу және білім беру жұмысын басқару және бақылау бойынша салыстырмалы, тақырыптық бақылаулар әр айға жоспарланды. Тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, ертеңгіліктер т.б. қарастырылды. Ата-аналармен жұмыс бөлімінде үш жалпы, үш топтық ата-аналар жиналысы, кеңестер мен басқа да іс-шаралар жоспарланды.

Сөз сөйледі: Таханова Р.М. тәрбиеші, бөбекжайдың 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын қабылдап, бекітуге ұсыныс жасады.

Педагогикалық кеңес төрағасы Жетпісова Г.М. дауысқа салуды ұсынды.

Дауысқа салынды: «қолдаушы» - 16

«қарсы» - 0

Шешілді: Бөбекжайдың 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын қабылдап, бекітуге ұсыну.

5.Күн тәртібінің бесінші мәселесі бойынша бөбекжай басшысы Жетпісова Г.М. тыңдалды. «Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны» атты баяндамасымен таныстырды. Баяндама талқыланды, балаға көп көңіл бөлу керектігі жайлы айтылды. Бағдарлама аясында педагог үшін мыналар маңызды болмақ: -педагог сұрақ қоюшы болуы қажет, себебі? Ықтимал себептері: Оқудағы олқылықтарды анықтау үшін; Балалардың ойларын бағыттау үшін; Бағалау үшін; Келесі сұрақтарға түрткі болу үшін; Тақырыпты қайта қарау үшін; Қызығушылықты немесе білуге құмарлықты ояту үшін; Күрделендіру үшін; Сұрақ-жауап пен сын тұрғысынан ойлауды модельдеу үшін; түсінуге көмектесу үшін; Бағамдау үшін.

6.Күн тәртібінің алтыншы мәселесі бойынша бөбекжай әдіскері Алпысбаева Ш.Т. тыңдалды. Әр топтың, жеке пән мұғалімдерінің сабақ кестесі таныстырылды.

7.Күн тәртібінің жетінші мәселесі бойынша бөбекжай психологы Жарқынбек Г. тыңдалды. Педагогтермен тренинг өткізді. Тақырыбы: Күзгі көңіл. Мақсаты: Ұжыммен жақын танысып, олардың арасындағы қарыс-қатынасты жақсарту. Әр адамның өз-өзіне деген сенімділігін арттыру. Ұжымды ұйымшылдыққа, бір-бірін сыйлауға, түсінуге шақыру. Балалардың бөбекжайға бейімделуі туралы кеңес оқыды.

№1 педагогикалық кеңестің шешімі:

1.17.05.2023 жылғы №5 педагогикалық кеңес шешімі орындалуда деп қабылдау.

Орындауға жауаптылар: ұжым

Орындау мерзімі: үнемі

2.2023-2024 оқу жылына педагогикалық кеңес хатшысы бөбекжай әдіскері Алпысбаева Ш.Т. сайланды.

Орындауға жауаптылар: Алпысбаева Ш.Т.

Орындау мерзімі: оқу жылы

3.Жазғы сауықтыру шынықтыру жұмысын қанағаттанарлық деп қабылдау.

Орындауға жауаптылар: ұжым

Орындау мерзімі: үнемі

4.2023-2024 оқу жылының жылдық міндеттемесін, жылдық жұмыс жоспарын бекіту.

Орындауға жауаптылар: ұжым

Орындау мерзімі: үнемі

5.Тәрбиелеу және білім беру жұмыстарын жаңа стандарт талаптарына сай әзірлеп, әдістемелік талапқа сай жүргізу.

Орындауға жауаптылар: педагогтер

Орындау мерзімі: үнемі


6.Ұйымдастырылған іс-әрекеттерін қызықты ұйымдастыру, күннің екінші жартысында сюжеттік-рөлдік ойындарды көбірек ойнату, тілдік білімін дамытуда жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану.

Орындауға жауаптылар: педагогтер

Орындау мерзімі: үнемі

Төрағасы:

Хатшысы:



Г.Жетпісова

Ш.Алпысбаева

«Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Ақкөл қаласының №1 бөбекжай» МКҚК

ГККП «Ясли-сад №1 города Акколь при отделе образования по Аккольскому району управления образования Ақмолинской области

№2 педагогикалық кеңестің хаттамасы

24.11.2023 жыл

№2

Ақкөл қаласы

г.Акколь

Тақырыбы: Инновациялық технология арқылы тілдік қызметті дамыту нысандары мен әдістерін жетілдіру.

Төрағасы: Жетпісова Г.М.

Хатшысы: Алпысбаева Ш.Т.

Қатысқаны: 14 педагог

Күн тәртібі:

1.01.09.2023 жылғы №1 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы.

Жетпісова Г.М.

2.Топтардағы грамматикалық тұрғыдан дұрыс және байланыстыра сөйлеудің жай-күйі. (ақпарат, талдау)

Алпысбаева Ш.Т. г.Акколь

3. «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда ертегілерді қолданудың маңызы» жұмыс тәжірибесінен сөз сөйлеу.

Ахметсадыкова Ж.Қ.

4.Педагогикалық кеңеске арналған ашық қараулардың талдауы.

Клышева С.Қ., Сейтбатталова М.С., Алпысбаева Ш.Т.

5.Педагогтермен жұмыстың белсенді түрі.

Алпысбаева Ш.Т.

1.Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша бөбекжай басшысы Жетпісова Г.М. тыңдалды. 01.09.2023 жылғы №1 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына талдау жасады. Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Сөз сөйледі: Клышева С.Қ. тәрбиеші, 01.09.2023 жылғы №1 педагогикалық кеңес шешімдері орындалуда деп қабылдауға ұсыныс жасады.

Педагогикалық кеңес төрағасы Жетпісова Г.М. дауысқа салуды ұсынды.

Дауысқа салынды: «қолдаушы» - 16

«қарсы» - 0

Шешілді: 01.09.2023 жылғы №1 педагогикалық кеңес шешімдері орындалуда деп қабылдауды ұсыну.

2.Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша бөбекжай әдіскері Алпысбаева Ш.Т. тыңдалды. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді

дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. топтардығы грамматикалық тұрғыдан дұрыс және байланыстыра сөйлеудің жай-күйі туралы ақпараттық талдау. «Балапан» ерте жас топ бүлдіршіндері суреттерден айтылған сөзге сәйкес келетін ойыншықтарды, заттарды табады және көрсетеді; қарапайым сөз тіркестерін түсінеді, екі сөзден тұратын сөйлемдерді айтады; өтініштерді орындайды; ойыншықтармен күрделі емес бейнелі ойындарды ойнайды; дыбыстық тіркестерді еліктеп, дұрыс қайталайды; ересектерді тыңдайды, түсінеді, тапсырманы орындайды; заттардаң атын, түсін, мөлшерін, көлемін, орнын біледі және орналастырады; шағын, мазмұны түсінікті әңгімелерді, тақпақтар мен өлеңдерді қызығушылықпен тыңдайды; шағын өлеңдерді, ертегілер мен әңгімелерді эмоционалды қабылдайды және қимыл-әрекет арқылы көрсете алады; суреттерден ересектің айтқан сәйкес келетін ойыншықтарды, заттарды, киімдерді, ыдыс-аяқтарды табады және көрсетеді; өз дене мүшелерін және ойыншық жануарлардың дене мүшелерін түсінеді.

Ұсыныс. Белсенді сөйлеуді дамыту қажет. Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау. Белсенді сөздікті жақын адамдардың атауларымен (ана, әке, ата, әже), күнделікті жиі қолданылатын таныс заттар мен ойыншықтардың, тағам атауларымен белгілі қимылдарды білдіретін сөздермен толықтыру. Ересектердің сөздерін тыңдауға, «Бұл кім?», «Бұл не?», «Не істеді?» деген қарапайым сұрақтарға жауап беруге, ыммен, қимылдар арқылы көрсетуден біртіндеп сөзбен айтуға көшуге, екі сөзден тұратын сөйлемдерді айтуға баулу. Ересектердің сөзін қайталау арқылы дұрыс сөйлеу дағдыларын, ана тілінің грамматикалық нормаларын ескеріп, сөйлемдерді құруды қалыптастыру. Жалпақ және көлемді иллюстрациялары бар кітаптарды қарауға тарту.

«Ақжелкен» кіші топ. Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді; сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтады; сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдер мен етістіктерді, сын есімдерді қолданады; ересектердің сөзін түсінеді, өз ойларын айтады; шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдап, қарапайым сұрақтарға жауап береді; кітаптағы суреттерді қарайды, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;.

Ұсыныс. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау, кітаптарға қызығушылықты дамыту; пассивті және белсенді сөздік қорды байыту; түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстыра сөйлеуін дамыту. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға жауап беруге, ойын айтуға үйрету.

«Көбелек», «Гүлдер» ортаңғы топтары. Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді, өз ойларын айтады. Бір-бірімен, ересектермен сөйлесе алады. Қазақ халқының құндылықтарына қызығушылық танытады. Кітаптағы суреттерді өз бетінше, басқа балалармен бірге қарастырады. Кітаптағы суреттерді, ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап береді,

оларды жай сөйлемдермен сипаттайды. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, ертегілер тыңдағаннан кейін балалар алған әсерлерімен бөліседі, өз ойларын айта алады.

Ұсыныс. Балаларды ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылауыш сөздермен байыту, қарам-қарсы мағынадағы сөздерді – антонимдерді енгізу, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.

«Күншуақ» ересек топ. Балалар әңгіме айтуда: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттерді қолданады, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға бейімделген. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға бейімделген.

Ұсыныс. Сөйлеу қарқынын өзгеруді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызыу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жалғастыру. Балаларды қазақ халқының қонақ жайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу т.б дәстүрлерді үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу.

Мектепалды «Еркетай», «Қарлығаш» топтары. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіреді; сөздерге дыбыстық талдау жасайды; сөздерді буынға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды; қолды жазуға дайындауға берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындайды; қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтады.

Ұсыныс. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау. Артикуляциялық жаттығулар жасау. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.

Сөз сөйледі: Жарқынбек Г. тәрбиеші, таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі айтуға, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру деп қабылдауға ұсыныс жасады.

Педагогикалық кеңес төрағасы Жетпісова Г.М. дауысқа салуды ұсынды.

Дауысқа салынды: «қолдаушы» - 16
«қарсы» - 0

Шешілді: Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі айтуға, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру деп қабылдауды ұсыну.

3.Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша тәрбиеші Ахметсадыкова Ж.Қ. тыңдалды. Өз тәжірибемде ересек топтың балаларына оқығанды тыңдап, әңгімелету әдістерін жүргіземін. Балалар дауысты құбылта айтып берген ертегілерді сүйіп тыңдайды. Ертегіні сюжетке қатысты түрлі-түсті суреттерді пайдалану арқылы әңгімелету баланың қызығушылығы мен эстетикалық талғамын арттыра түсуде мол мүмкіндіктер береді. Балаларға сурет арқылы ертегі мазмұнын айтып беру, шығармашылық ойлауын, ұзақ уақыт есте сақтау қабілетін де дамытады. Ол арқылы балалардың көркем шығармаларға деген қызығушылықтарын арттыруға және шығарма желісін сахналау арқылы балалардың белсенділігін, тілін дамытуға болатынын көрсетті. Балаларға ертегілерді айтқызғанда мнемотехника әдісін кеңінен қолданамын бұл әдіс баланың суреттерге қарай отырып ертегіні айтуына және есте сақтауына жақсы көмектеседі. Балаларға ертегілерді үстел үсті театры, саусак театры, қуыршақ театры, көлеңке театры арқылы сахналау өте ұнайды және олардың қызығушылығы, қабылдауы жоғары болады.

4.Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша «Ақжелкен» кіші тобында тәрбиеші Клышева С.Қ., «Гүлдер» ортаңғы тобында тәрбиеші Оздоева М.С., «Қарлығаш» мектепалды даярлық тобына тәрбиеші Алпысбаева Ш.Т. өткізген ашық сабақтардың талдау жасалды. Ашық сабақтардың талдауы «Ашық абақтардың талдаулары» дәптерінет жазылды.

5.Күн тәртібінің бесінші мәселесі бойынша әдіскер Алпысбаева Ш.Т. педагогтермен «Көңіл күй түсі» ойынын өткізді. Мақсаты: Ұнайтын түсіне қарай мінезін болжау.

№2 педагогикалық кеңес шешімі:

1.01.09.2023 жылғы №1 педагогикалық кеңес шешімдері орындалуда.

Орындауға жауаптылар: ұжым

Орындау мерзімі: үнемі

2.Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бірі-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.

Орындауға жауаптылар: педагогтер

Орындау мерзімі: үнемі

3. Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі айтуға, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.

Орындауға жауаптылар: педагогтер

Орындау мерзімі: үнемі

4.Кітап бұрышы, ұлттық бұрышты толықтыру.

Орындауға жауаптылар: педагогтер

Орындау мерзімі: үнемі

5.Артикуляциялық жаттығуларды үнемі қолданыста ұстау.

Орындауға жауаптылар: педагогтер

Орындау мерзімі: үнемі

Төрағасы:

Хатшысы:

Г.Жетпісова
Ш.Алпысбаева

Г.Жетпісова

Ш.Алпысбаева